

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы

Кафедра: Гигиена – 1 және эпидемиология кафедрасы

**7-дәріс. Жасөспірімдерге дәрігерлік-
кәсіптік кеңес пен бағдар беру.
Оқушыларды кәсіпке бағдарлаудың
медико-физиологиялық аспектілері.**

Лектор: Жумадилова Ақмарал Рахматуллақызы

Шымкент 2016ж.

Жоспары:

1.Кіріспе.

2.Негізгі бөлім.

А)Мектеп оқушыларына ерекшеліктері мен денсаулық жағдайына сай кәсіптік кеңес беру.

Б)_Мамандыққа бағыттаудың медициналық-физиологиялық аспектілері.


В) Мектеп оқушыларына мамандыққа бағыт берудегі санитарлық дәрігердің міндеті.


3.Қорытынды.

4. Пайдаланылған әдебиеттер.

- Мамандыққа бағыт беру - мектеп оқушыларының тілегін, денсаулық жағдайын, жеке басының ерекшеліктерін, сонымен қатар, қоғамға қажеттілігін ескере отырып, оқушыларға мамандық таңдауға көмек көрсету үшін ғылыми негізделген көп аспектілі жүйе.
- Біздің қоғамда жасөспірімдерге мамандық таңдауға еркіндік берілген, бірақ, сол мамандықтардың қазіргі тізімі 50 мыңнан астам атаулардан тұрады. Мұнда, мектеп оқушыларының кейбіреуі денсаулығына байланысты, немесе организмінің жеке ерекшеліктеріне байланысты тізімде көрсетілген бірқатар мамандықтарға жарамсыз болады. Сондықтан, мамандық таңдау ерікті болып қана қоймай, сонымен бірге саналы түрде негізделген болуы керек.

- Мектеп оқушылары өздерінің жас ерекшеліктеріне (күші мен мүмкіндігін артық бағалау, әртүрлі мамандықтардың организмге қоятын талаптары туралы білімнің болмауы, денсаулық жағдайларындағы ауытқуларды елеп-ескермеу т.с.с.) байланысты мамандық таңдау үшін медициналық қызметкерлердің бағыт беруін қажет етеді.
- Оқушылар мұндай сұрақтарға көмекті мектеп педиатрларынан, балалар емханасының дәрігерінен, ересектер емханасының жасөспірімдер кабинетінен, сонымен қатар, балалар мен жасөспірімдер гигиенасы бөлімінің санитар дәрігерінен алады.

- 
- Егер таңдап алынған мамандық, оқушылардың жеке бас ерекшеліктеріне сәйкес келмесе, онда ол жүйке-психикалық бұзылуларға, тіпті соматикалық ауруларға ұшыратуы мүмкін. Мамандыққа жарамсыздық өндірістердегі апаттардың және жарақаттанулардың себептерінің бірі ретінде саналады. Еңбек сапасының төмен болуы, кадрлардың тұрақтамауы, соның салдарынан қоғамға материалдық зиян келтіру сияқты кемшіліктер дұрыс таңдалмаған мамандықтың заңды нәтижесі болып саналады.

- 
- Осындай жағдайларға байланысты, мамандыққа бағыт беруде бірнеше аспектілерді бөліп қарауға болады:
 - Психофизиологиялық аспект - жасөспірімдердің жеке басының ерекшеліктері, оның қаблеті, жеке психофизиологиялық ерекшеліктері ескеріледі;
 - Медициналық аспект - оқушының денсаулық жағдайы ескеріледі;
 - Әлеуметтік экономикалық аспект - қоғамға әр саладағы мамандар қажеттілігі ескеріледі.

- Сонымен қатар, бұл аспекті жасөспірімдердің мектеп шеберханасындағы және мектеп аралық оқу-өндірістік комбинаттардағы кәсіптерге оқып-үйренуін анықтайды. Елді мекендерге жұмысшы кәсіпкерлер қажеттігіне және оларды өндірісте оқытып, даярлау үшін база барлығына байланысты еңбекке оқытудың бағыты құрылады.
- Жасөспірімдерге мамандыққа бағыт беру жүйесі біздің елімізде 1960 жылдан бастап құрылды, бірақ, қазіргі уақытқа дейін бұл сұрақта шешілмеген мәселелер өте көп. Солардың біреуі - мектеп оқушыларының жас мөлшері, яғни, мамандыққа бағыттау жұмыстарын қандай жастан бастау керектігі.

- Жалпы алғанда, 15-18 жастағы жасөспірімдерді мамандыққа бағыттау жұмысы негізгі үш кезеңнен тұрады:
- Жасөспірімдердің мамандыққа жарамдылығын анықтау үшін, арнаулы мақсатпен жүргізілетін медициналық тексеру.
- Медициналық көрсеткіш бойынша, мамандыққа іріктеп алу.
- Дәрігерлік мамандық консультация - жасөспірімдердің тілегіне, денсаулығына және психофизиологиялық көрсеткіштеріне байланысты мамандық таңдауға көмек көрсетуге арналған.
- Мамандыққа маңызды немесе "кілттік" функциялар өзінің психофизиологиялық негізіне байланысты 4 түрге бөлінеді:
- Қимыл-қозғалыс - бұлшық ет күштері, төзімділік, координация;
- Сенсорлық - көру, есту, иіс сезу, дәм сезу, вестибулярлық тұрақтылық;
- Жүйке қызметінің жеке типологиялық ерекшеліктері - оның күші, жылдамдылығы, біркелкілігі;
- Аттенсиондық-мнемикалық - көңіл аудару, есте сақтау.

- Санитарлық дәрігер, басқа мамандармен бірлесе отырып, мектеп оқушыларының денсаулық жағдайына, жеке бас ерекшеліктеріне байланысты, мамандыққа бағыт беру жұмысын дұрыс қалыптастыруы керек. Бұл саладағы санитарлық дәрігердің негізгі міндеттері:
- Мектеп оқушыларын еңбекке дайындайтын мамандықтардың санитарлық сипаттамасын (профессиограммасын) жасау;
- Таңдалған мамандықтың өсіп келе жатқан организмге тигізетін әсерін алдын-ала болжау;
- Еңбекті қорғау туралы заңдардың сақталуын бақылау;
- Мектепте дәрігерлік-мамандық консультацияның толық және уақытында жүргізілетіндігіне бақылау жүргізу;
- Мектеп оқушылары, олардың ата-аналары және педагогтардың арасында мамандыққа бағыт берудің медициналық аспектілері жөнінде санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізу болып табылады.

- Дәрігер жасөспірімдердің жас ерекшеліктері және функционалдық мүмкіндіктері туралы мәліметтермен қатар, әртүрлі мамандық факторларының организмге тигізетін әсері және мамандықтың түрлеріне байланысты жұмысшылардың функционалдық жағдайына қойылатын мәліметтермен кеңінен таныс болуы керек. Ол үшін, өсіп келе жатқан организмге өндіріс орындарының тигізетін әсерін болжап, білуге мүмкіндік беретін, мамандықтардың санитарлық сипаттамасы (профессиограмма) жасалады.

- Мамандықтарға санитарлық сипаттама беру үлгісі мөлшермен алғанда төмендегідей сұрақтардан тұрады:
- Өндірістің және жеке мамандықтың аталуы;
- Жұмыс процессін және жеке операцияларды бейнелеп жазылуы;
- Материалдардың, құрал-жабдықтардың, саймандардың сипаттамасы;
- Жұмыс кезіндегі жұмысшының дене тұлғасының сипаттамасы (отырып, түрегеп тұрып, амалсыздан біржақты ұстау ...) статикалық жүктеме және бірыңғай монотондылық бар ма (ұзақтығы қандай);
- Ауыр заттарды көтеру және орнынан тасымалдау жұмыстары (массасы, қашықтығы); Мұндай жұмыстардың ұзақтығы;
- Жеке анализаторларға (есту, көру, иіс сезу) және орталық жүйке-жүйесіне (ынта, ықылас, есте сақтау, қимыл-қозғалыс координациясы) жоғары талаптар қойылуы;
- Өндірістік жарақаттану қауіптілігі;
- Өндірістік зиянды заттардың әсері:

- а) жұмыс зонасының ауасының ластануы (сандық және сапалық сипаттама);
- б) өндірістік шуыл (оның деңгейі, ұзақтығы);
- в) вибрация (жалпы, жеке, ұзақтығы);
- г) электромагниттік өріс (жиілігі, күші);
- д) метеорологиялық қолайсыз жағдайлар (температура, ылғалдылық) және оның бір ауысымдағы ұзақтығы;
- Медициналық куәландыру кезінде, қандай органдар мен функцияларға ерекше көңіл аударылуы керек;
- Жұмысқа жарамсыздық туғызатын аурушылдық пен организмдегі ауытқулар.

- Организмге тигізетін әсеріне байланысты барлық мамандықтарды шартты түрде 4 топқа бөлуге болады:
- 1 топ - (ең көп таралған) ауыр жұмыс жағдайлары, қолайсыз факторлары жоқ мамандықтар. Оларға: кеңсе жұмыстары, халыққа қызмет ету саласы, прибор (аспаптар) құрастыру объектілері, электрлі-есептегіш машиналармен жұмыс, сағат жөндеу т.б. Бұл топтағы мамандықтарға медициналық қарсы көрсеткіштер қойылмайтындықтан, оларды денсаулығында және дене бітімінде, психикалық дамуында ауытқулары бар жасөспірімдерге ұсынуға болады.
- 2 топ - қолайсыз өндіріс факторлары орташа және уақытша әсер ететін мамандықтар. Мысалы, аспазшылардың жұмысы жоғары температура мен жоғары ылғалдылықтың әсер етуіне байланысты болады. Мұнда, көп мөлшерде тер бөлінуі, артериялық қан қысымының төмендеуі, тамыр соғуының жиілеуі (кейбір жағдайларда 1 мин. 140 ретке дейін) байқалады, яғни, тыныс алу, жүрек, қан-тамыр жүйелеріне жоғары талаптар қойылады. Сондықтан, организмнің осындай негізгі функцияларында ауытқулары бар жасөспірімдерге мұндай мамандықты ұсынуға болмайды.

- 3 топ - әртүрлі өндірістік қолайсыз факторлар тұрақты түрде әсер ететін мамандықтар. Мысалы, тоқыма цехтарында жұмысшыларға жоғары температура, шаң-тозаң, шуыл тұрақты түрде әсер етеді. Бұл жұмыста дене тұлғаның амалсыздан бірқалыпта болуы да орын алады. Тоқымашы мамандығын тыныс алу, жүрек, қантамыр жүйелерінде, есту органдарында, тірек қозғалыс аппараттарында аурулары бар жасөспірімдерге ұсынуға болмайды.
- 4 топ - ауыр және зиянды жағдайлары бар мамандықтар (300-ге жуық мамандықтар мен жұмыстар). Жасөспірімдердің денсаулығына қойылатын талаптардан басқа, мұндай жұмыстарға орналасу үшін 18-ге толмаған жастарды алуға тиым салынады және мұндай жұмыс орындарында оқушылар күніне 3 сағаттан артық болмауы тиіс.

Қазақ тілінде

Негізгі:

- 1.Иманалиев Ш.И. Балалар мен жасөспірімдердің гигиенасы ,-Алматы.Ғылым баспа орталығы.2008.
- 2.Неменко Б.А., Оспанова Г.К. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы. Оқулық-Алматы «Ғылым».

Қосымша:

- 1.Төлемісов А.М., Қасмақасов С.Х Қазақстан Республикасының мектеп жасындағы балаларының физикалық дамуын есептеу және бағалау әдісі. Әдістемелік құралы.- Алматы.
- 2.Гигиена детей и подростков: Учебник(Под ред В. Кучма.-М. ГЭОТАРМЕДИА,2008-480с.
- 3.Кучма В.Р. Гигиена детей и подростков при работе с видео-дисплейными терминалами.-М. Медицина.